

Хаттама №3

«Ақмола облысы білім басқармасы Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Төңкеріс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының №3 хаттамасы

28 қазан 2025 жылы

Барлық педагогикалық құрам 26

Қатысқандар: 26

Қатыспағандар: 0

Педагогикалық кеңес тақырыбы:

Төрайымы: Шакиров А.Т. мектеп директоры

Хатшы: Сартаева С.М.

№	Мұғалімдер аты-жөні
1	Шакиров Асылхан Тулегенович
2	Айдарбекова Гулнар Ескалиевна
3	Бейсенова Гаухар Иргебаевна
4	Серикбаева Нургуль Касеновна
5	Бижаксинова Айнаш Нурлановна
6	Асгап Жанарбек
7	Рыскулова Айжан Кажигалиевна
8	Сартаева Салима Муратовна
9	Мусина Асия Нурлановна
10	Карабаева Даметкен Кабиденевна
11	Каумуратова Салтанат Кайдаровна
12	Ермуханбетова Кулшат Сейткеревна
13	Шакирова Назира Марияновна
14	Асылбек Алия
15	Рыскулова Сандугаш Кажигалиевна
16	Отешова Сандугаш Джаксылыковна
17	Мальгаздарова Алмагуль Советовна
18	Серикбол Сүйінбай
19	Кеделбаева Айгуль Уашевна
20	Мырзагалиева Назымкуль Болекбаевна
21	Кикимов Сейткерей Ибраимович
22	Бекболат Еркегул
23	Когобаева Айнара
24	Ақшалава Гулім Кенжеболатқызы
25	Бекмурзаев Азамат Фархадұлы
26	Есілбай Әлішер

Күн тәртібінде:

1. Ақмола облысы білім басқармасы Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Төңкеріс ауылының жалпы орта білім беретін мектептің мемлекеттік аттестаттау
шеңберінде жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы

Тыңдалды:

Мектеп директоры Шакиров Асылхан Тулегенович баяндама жасады. Ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және 2024 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес Ақмола облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан Төңкеріс ауылының жалпы білім беретін мектептің аттестаттауы 2025 жылдың қараша айында өткізілетінін хабарлады.

Білім беру ұйымдары өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытындысын ұсынады және аттестаттаудың жоспарланған мерзімінен бір ай бұрын өздерінің интернет-ресурстарында орналастырады.

1. Мектеп бойынша комиссия келесі құрамда құрылды:

Шакиров А.Т. – директор, төрайымы;
Айдарбекова Г.Е. – директордың ОІЖ орынбасары;
Бейсенова Г.И. – директордың ОІЖ орынбасары;
Серикбаева Н.К. – директордың ТЖ орынбасары;
Ақшалава Г.К. – мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі;
Серикбол С. – кәсіподақ төрайымы;
Смаилов Ж.Т. – мектептің шаруашылық меңгерушісі;

Мектептің 2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылының қараша айына дейінгі кезеңдегі жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлері туралы» ережесіне сәйкес талданды. Комиссияның шешімі бойынша мектеп жұмысы «жақсы» деп бағаланды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптары толық орындалады:

1. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері бар және олар мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, НҚА тізілімінде №81170) толық сәйкес келеді. (Оқу жоспарлары мен сабақ кестелерінің көшірмелері қоса берілді);
2. Жалпы білім беретін пәндердің типтік оқу бағдарламаларына (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, НҚА тізілімінде №8424) сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұнын меңгеру қамтамасыз етілген;
3. Тәрбиелік жұмыс білім алушылардың ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті зерделеуін, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруын көздейді және бұл жұмыстар сыныптан тыс іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. (Тәрбиелік жұмыс жоспарлары мен қосымша сабақтар кестесінің көшірмелері қоса берілді);

4. Оқыту процесі оқушылардың жеке қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес бейіндік бағытта жүзеге асырылады;
5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға инклюзивті және үйде оқыту ұйымдастырылған (ПМПК қорытындысы бар оқушылардың жеке оқу жоспарлары қоса берілді);
6. Таңдау курстары мен факультативтер вариативтік компонент аясында Типтік оқу жоспарына сәйкес өткізіледі (интеллектуалды байқаулар нәтижелері қоса берілді);
7. Міндетті «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәні мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес жүргізіледі;
8. Міндетті «Жол жүру ережелері» курсы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес жүргізіледі;
9. Педагог кадрларға қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (НҚА тізілімінде №30721) сәйкес толық орындалады;
10. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар орындалады:
 - оқушылардың апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі сақталады;
 - оқу жүктемесінің жалпы көлемі инварианттық және вариативтік компоненттерге бөлініп, Типтік оқу жоспарларына сәйкес қамтамасыз етілген;
 - инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды ескере отырып, сыныптарды топтарға бөлу талаптары орындалған;
11. Бастауыш білім деңгейінде жоғары және бірінші санатты, «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» санатындағы мұғалімдер үлесі – 75% (5 балл);
12. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде аталған санаттағы педагогтардың үлесі – 47,5% (4 балл);
13. Бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша үлгерім – 55%, бағалау – 3 балл:
 - 4-сынып бойынша математика және қазақ тілі пәндері – 56% (3 балл);
 - 9-сынып бойынша математика, қазақ тілі және химия пәндері – 53% (3 балл);
14. Оқу әдебиеттерінің қоры білім алушылар санына шаққанда толық көлемде қамтамасыз етілген (әр оқушыға кемінде 18 басылымнан);
15. Мектепте лицензияланған медициналық кабинет пен медицина қызметкері бар;
16. Асхана 40 орынға арналған, барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген, 1–4 сынып оқушылары мен аз қамтылғандар ыстық тамақпен қамтылады (жалға алушы – ИП «Галиева»);
17. Мектептің өз оқу-материалдық базасы бар;
18. 2025–2026 оқу жылының I-тоқсанның үлгерім нәтижесі:
 - бастауыш буында – 61%,
 - негізгі орта буында – 64%,

жалпы орта буында – 60%.

Орташа сапа көрсеткіші – 62%, үлгерім – 100%. (Қорытынды аттестаттау нәтижелері тіркелген);

19.Үй тапсырмасының көлемі 2–4 сынып оқушыларының мүмкіндігіне сай белгіленген;

20.Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ҚР БҒМ 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығына сәйкес жүргізіледі, қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған;

21.Оқу жылының ұзақтығы мен демалыс мерзімдері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына сәйкес келеді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1.1. Ақмола облысы білім басқармасы Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Төңкеріс ауылының жалпы орта білім беретін мектептің қызметін «**жақсы**» деп бағалау.

1.2. Білім беру ұйымын аттестаттау кезеңінде мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясының жұмысын мақұлдау.

Мектеп директоры:

Хатшы:



Шакиров А.Т.

Сартаева С.М